



## Құрметті студент!

2017 жылы «Білім - 1» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B011300	«Биология»	1. Педагогика 2. Биологияны оқыту әдістемесі 3. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі 4. Биологияға кіріспе

1. Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:

1. Педагогика
2. Биологияны оқыту әдістемесі
3. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
4. Биологияға кіріспе

2. Тестілеу уақыты - 180 минут.

Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.

3. Таңдаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.

4. Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.

5. Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.

6. Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;  
- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;  
- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға  
**қатаң тиым салынады!**

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

## Педагогика

1. «Тұлға» ұғымының мәнін ашуда қолданылатын ұғым:

- A) адам
- B) оқушы
- C) білім беру
- D) білім
- E) тәрбие

2. Педагогика саласында балалардың жас және дара ерекшеліктерін зерттеген ғалымдар:

- A) Коменский Х.А., Джон Локк
- B) Толстой Л.Н., Хмель Н.Д
- C) Толстой Л.Н., Слостенин В.А
- D) Хмель Н.Д., Ушинский К.Д
- E) Слостенин В.А., Кузьмина Н.В

3. Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістері:

- A) Әлеуметтік, педагогикалық
- B) Социологиялық сауалнама
- C) Педагогикалық сауалнама
- D) Арнайы педагогикалық
- E) Психологиялық тест
- F) Педагогикалық эксперимент
- G) Психологиялық сауалнама

4. Өзін-өзі тәрбиелеу тәсілдерінің бірі:

- A) бақылау
- B) бағалау
- C) мадақтау
- D) жазалау
- E) алдау
- F) түзету
- G) ақтау
- H) қорлау

5. Тәрбие ерекшеленеді:

- A) көпфакторлығымен
- B) жоспарға бағынбауымен
- C) екі жақтылығымен
- D) бір мерзімділігімен
- E) дискреттілігімен

6. Ғылыми дүниетанымның құрамдас бөлігі:

- A) сенімдер
- B) ғылыми-білімдер жүйесі
- C) мифологиялық білімдер
- D) дағдылар
- E) практикалық іскерліктер

7. Тәрбие бағыттары:

- A) әділдік-сыпайылық, шыншылдық
- B) кәсіби-бағдарлық, экологиялық
- C) дене, еңбек
- D) шыдамды-төзімділік, имандылық
- E) көпшілік-интернационалдық, азаматтық
- F) азаматтық-патриоттық, экономикалық
- G) рухани-адамгершілік

8. Білім мазмұнын анықтайтын нормативті құжаттар:

- A) Оқулықтар, оқу құралдары
- B) Оқу жоспарлары
- C) Жұмыс кестелері
- D) Әдістемелік нұсқаулар
- E) Оқулықтар

9. Педагогиканың теориялық қызметтері:

- A) Болжау
- B) Бағыттау
- C) Сұхбат
- D) Оқыту
- E) Тәрбиелеу
- F) Қалыптастыру

10. Тұлға дамуының макрофакторларының бірі:

- A) микросоциум
- B) этнос
- C) тұратын аймағы
- D) діни ұйымдар
- E) қоғам
- F) тәрбие институттары

11. Тәрбие жұмыстары төмендегі аталған тәрбиелік іс-әрекеттерді жүзеге асырады:

- A) Дамытушылық
- B) Бақылаушылық
- C) Қоғамдық
- D) Реттеушілік
- E) Қалыптастырушылық
- F) Психологиялық

12. А.С. Макаренко бойынша ұжымның даму принциптері:

- A) Гуманизм, альтуризм
- B) Өз тәжірибенді тәрбиелеуде қолдану
- C) Басқалардың пікірін құрметтеу
- D) Тәуелсіздік, гуманизм адамға жағымды әсер ететін тірек
- E) Жариялылық, жауапты бағынушылық
- F) Перспективті бірізділік

13. Сыныптан тыс жұмыстардың тиімділігіне жатады:

- A) сыныппен оқушының арасындағы қарым-қатынастың тығыз болуы
- B) тәрбиелік жұмыстар жеке адам тәрбиелеу мазмұнына сай болуы
- C) сынып жетекшілерінің педагогикалық біліктілігінің жоғары болуы
- D) іс-әрекеттің мазмұны, мақсаты, барысы оқушыға түсінікті болуы
- E) оқушының саналы болуы
- F) әр оқушыға тигізетін тәрбиелік ықпалдың болуы
- G) оқушылармен ата-аналардың арасындағы қарым-қатынас жүйесіне сай болуы

14. Отбасы тәрбиесінің құқықтық негіздерін анықтайды:

- A) Мемлекеттік тұжырымдамалар
- B) «Бала құқығы туралы Конвенция»
- C) «Білім туралы» Заңы
- D) ҚР Конституциясы
- E) Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік Бағдарламасы
- F) Мемлекеттік бағдарламалар
- G) «Неке және отбасы туралы» Заңы

15. Оқытудың жалпы заңдылықтары:

- A) Оқуды басқару мен ынталандыру
- B) Оқу сапасы мен оқу әдістері
- C) Тәрбие мен практиканың бірлігі
- D) Оқу құрылымы мен сапасы
- E) Оқыту мен тәрбиенің бірлігі
- F) Оқу мен оқуды ұйымдастыру
- G) Оқуды ұйымдастыру; оқу сапасы, жеке тұлғаның дамуы

16. Дидактикалық мақсаттарға байланысты сабақ түрі:

- A) Аралас сабақ
- B) Оқу саяхаттары
- C) Өткен материалды қайталау, пысықтау
- D) Қосымша сабақ
- E) Жаңа білімді меңгеру

17. Ұжымдық-танымдық іс-әрекет:

- A) Оқушылардың жеке бас қасиеттерін дамыту процесі
- B) Сыныптастармен бірлесіп әрекет ету
- C) Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамыту
- D) Әлеуметтік тәжірибені игерудегі мұғалім мен оқушының біріккен іс-әрекеті
- E) Оқушылардың ата-аналарымен жүргізілетін іс-әрекеті
- F) Педагог пен оқушылардың ортақ көзқарастары
- G) Оқушылардың кәсіби әрекеттерінің жүйесі
- H) “Педагог-оқушылар” жүйесінің қызметі

18. Білім, білік және дағдыны қалыптастыру үдерісі қажет етеді:

- A) Оқу-танымдық іс-әрекеттерінің нәтижесін анықтауды
- B) Бағыттауды
- C) Оқу жоспарын
- D) Жүйелеуді
- E) Тұлға болмысын
- F) Басқаруды

19. Бақылау:

- A) Күнделікті
- B) Негізгі
- C) Қорытынды
- D) Алдын ала
- E) Жаппай
- F) Кіріспе

20. Оқу материалын түсіндірудің құрамдас бөлігі:

- A) Теорияларға, фактілерге сүйену
- B) Ойнау
- C) Шешім қабылдау
- D) Дәлелдеу
- E) Игеру
- F) Қорыту

21. Ақпараттық технология:

- A) Кез келген мәліметтер жиынтығы
- B) Ақпаратты өңдеу процесінде қолданылатын құралдар мен әдістер жиынтығы
- C) Адам іс-әрекетінің қажетті салаларының бірі
- D) Нақты құралдарды, әдістер мен тәсілдерді пайдалану
- E) Ақпаратты өңдеумен байланысты процестер
- F) Нақты мағлұматтар жиынтығы

22. Оқу орындарының инновациялық талаптары:

- A) Жеке тұлғаның тек дарынын дамыту
- B) Оқу-тәрбие үдерісінің табиғатқа сәйкестік принципіне сүйену
- C) Оқу-тәрбие үдерісінің нәтижелі болуы
- D) ҚР азаматтарының білім алу құқығына толық ие болу
- E) Оқушыларды белгілі кәсіпке бейімделу
- F) Оқу-тәрбие үдерісіне құралдар мен медиа жүйелерді енгізу

23. Басқаруды ұйымдастырудың формалары мен бағыттары:

- A) Педагогтарды жаппай сауаттандыру, сауықтыру
- B) Әдістемелік бірлестіктер
- C) Педагогикалық үдерістің негізгі мақсатын айқындау
- D) Қоғамдық ықпалдарды пайдалану жолдарын ұсыну
- E) Нұсқау-әдістемелік

24. Педагогикалық үдерістегі диагностиканың мәні:

- A) Дидактикалық процестің бағыт-бағдарын, ілгерілі не кері қозғалысын анықтау
- B) Педагогтар мен мектеп басшыларының біліктілігін көтеру тәсілі
- C) Мұғалімнің басқару ұстанымы
- D) Педагогтардың жетістіктерін бағалау әдісі
- E) Педагогикалық деректерге басшылық
- F) Мұғалімдердің кәсіби дайындығын жетілдіру жүйесі
- G) Маман шеберлігінің деңгейін анықтау

25. Біліктілікті көтеру мақсатында іс-шаралар ұйымдастырылуы мүмкін:
- A) Біліктілікті белгілі уақыт аралығында жоғарлату
  - B) Мамандардың кәсіби қызмет бағытында біліктілік көтеру мекемесінде ұзақ мерзімді оқуы
  - C) Тақырып аясындағы орташа мерзімді семинарлар
  - D) Сала, ұйым, мекеме деңгейінде жүргізілетін тақырыптық пролемалы емес орташа мерзімді семинарлар
  - E) Ұзақ мерзімді тақырыптық оқулар
  - F) Қосымша жұмыс орнында үзіліссіз өткізілетін қысқа мерзімді тақырыптық оқулар
  - G) Біліктілік жоғарлату мекемесінде қысқа, орта және ұзақ мерзімді оқуы

**Педагогика  
ПӘНІ БОЙЫНША  
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**



**Биологияны оқыту әдістемесі**

1. Әдіснаманың маңызы:

- A) Жануар жасушасын зерттейді
- B) Жануар түрлерін зерттейді
- C) Биологияны оқытудың қажетті формаларын табуға көмегін тигізеді
- D) Оқу-тәрбие үрдісінің мақсаттары мен мазмұнын реттеп түзетеді
- E) Адам организмін зерттейді
- F) Өсімдік жасушасын зерттейді
- G) Өсімдік түрлерін зерттейді

2. Әдістеме:

- A) Жаттығулар мен үй тапсырмасын орындау барысында ғана қолданылады
- B) Тіл білімдерін оқытуға көзделген
- C) Биологиялық ілім
- D) Өсімдіктердің қызметін зерттейді
- E) Оқыту және тәрбиелеу мақсатында құрылады

3. Биология кабинетінде міндетті түрде болуы шарт:

- A) Биологиялық әдебиеттер, анықтамалар
- B) Кеңсе заттары
- C) Биологиялық ұғымдар тізімі
- D) Телевизор
- E) Оқушылардың танымдық үдерісінің анықтамасы
- F) Су құбыры

4. Биологияны оқыту жүйесінің формаларына жатады:

- A) Материалдарды жинау
- B) Кеппешөптер әзірлеу
- C) Табиғаттағы жазғы жұмыста
- D) Курс жұмыстарын жазу
- E) Тест жұмысы

5. Биологияны оқытуда бірін-бірі өзара толықтырып отыратын оқытудың материалдық базасы:

- A) Жүйеленген топ өкілдері
- B) Биология кабинеті
- C) Сыныптағы стол, орындықтар
- D) Сынып тақтасы
- E) Қазақстанның өсімдіктері және жануарлар әлемі
- F) Республиканың өсімдіктер өкілдері

6. Мектептің оқу-тәжірибе алаңының жеміс-жидек бөлімі өсімдіктері:

- A) Бұршақ тұқымдастар
- B) Майлы өсімдіктер
- C) Жапырақты көкөністер
- D) Шие және өрік
- E) Көпжылдық дақылдар
- F) Жидектік дақылдар
- G) Алма ағаштары

7. Биология кабинетіндегі көрнекі құралдар жүйесі:

- A) Табиғи нысандар суреттері (кестелер, суреттер, сызбанұсқалар)
- B) Генетикалық әдіс
- C) Зертханалық сызбанұсқалар (микроскоп, ұлғайтқыш шыны, т.б.)
- D) Анықтаушы эксперимент
- E) Цитологиялық әдіс
- F) Систематикалық әдіс
- G) Қалыптастырушы эксперимент

8. Оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру -:

- A) Биосфераны зерттеу
- B) Өсімдік түрлерін зерттеу
- C) Білім берудің мазмұнын құру мен таңдап алу
- D) Оқытудың әдіс-тәсілдерін жасау және пайдалану
- E) Оқу-тәрбие үрдісінің ұйымдастырушылық формаларын қолдану

9. Практикада белгілі болғандай, мультимедиалық ақпаратты меңгеру үшін қажет:

- A) Пікірлесу
- B) Есту
- C) Әңгіме
- D) Дене түйсігі арқылы сезіну
- E) Көзбен көру

10. Биология ғылымының пәнаралық байланысы:

- A) Саясаттану
- B) Қазақ тілі
- C) Экология, биохимия
- D) Химия, география
- E) Әлеуметтану
- F) Физика, геохимия

11. Оқыту құралдарының түрлері:

- A) қаңқа
- B) муляж
- C) табиғи
- D) модель
- E) вербальды
- F) сурет

12. Жалпы биологиядан мектептердегі 10-11 сыныптардағы жұмыс практикасында мультимедиалық оқыту әдістерін пайдаланудың дұрыс, жағымды жақтары:

- A) Мектептегі дәрісті, оның әр кезеңіне уақытты анық бөлуге байланысты тиімді өткізуде
- B) Тұқым қуалаушылық заңдылықтарын меңгеруде
- C) Түсіндіру, дәріс оқуда
- D) Оқушылардың тұлғалық ерекшеліктерін ескеруде оқытуды жекелендіруге (дара оқыту) мүмкіндік туады
- E) Өсімдік жасушасының құрылысын анықтауда
- F) Әңгімеде

13. Жылдық жоспар құрылады:

- A) Түсіндірумен
- B) Қабылдаумен
- C) Оқулық мазмұнымен
- D) Дидактикалық қағидамен
- E) Бағдарламамен

14. Логикалық тәсілдер:

- A) түсіндіру
- B) салыстыру
- C) ұйымдастырушылық
- D) өлшеу
- E) қабылдау
- F) дәлелдеу
- G) тұжырымдау

15. Н.М. Верзилин бойынша оқыту тәсілдерін жіктеу:

- A) түсіндіру
- B) ұйымдастырушылық
- C) логикалық
- D) дәлелдеу
- E) салыстыру
- F) жалпылау
- G) техникалық

16. А.Н.Бекетовтің пікірі бойынша жаратылыстанудың білім берудегі басты маңызы:

- A) Өзіндік жұмыстарда
- B) Практикалық жұмыстарды үйренуде
- C) Оқушының дербестігінде
- D) Бақылау жұмыстарында
- E) Индуктивті дәлелді ойлауға үйретуде
- F) Өзара пікірлесуде
- G) Логикалық ойлауды дамытуда

17. Білімін жүйелі тексерудің оқушы үшін маңызы:

- A) жауапкершілікке тәрбиелейді
- B) оқыту әдістерін тиімді пайдалану үшін
- C) мұғалімнің өзін тексеруі үшін
- D) оқыту сапасын жақсартуды
- E) күнделікті дайындалуға дағдыландырады
- F) ата-аналармен байланысу үшін
- G) білімді меңгеруді болжау жасау үшін

18. Жаратылыстану ғылымын зерттеу тәсілдерінің комбинациялары:

- A) Эвристикалық
- B) Арнайы
- C) Педагогикалық
- D) Құрылымдық
- E) Көрнекі

19. Әңгіменің келесі түрлері болады:

- A) Сюжетті
- B) Көрнекі
- C) Генетикалық әдіс
- D) Эмбриологиялық әдіс
- E) Гистологиялық әдіс
- F) Ақпаратты

20. Оқыту процесінде оқушылардың оқу белсенділігінің мәселесін зерттегендер:

- A) М.И.Махмутов
- B) Г.А.Уманов
- C) Ж.Аймауытов
- D) И.Я.Лернер
- E) Я.А.Коменский

21. Оқытудың барлық әдістерінің белгілі қызметтері бар. Олардың негізгілері:

- A) Өсімдікжасушасының құрылысын анықтау
- B) Оқыту қызметі
- C) Мектептегі дәрісті, оның әр кезеңіне уақытты анық бөлуге байланысты тиімді өткізуге болады
- D) Тұқым қуалаушылық заңдылықтарын
- E) Дамытушы қызметі

22. Көрнекі әдістер тобына:

- A) Әңгіме
- B) Өсімдікжасушасының құрылысын анықтау
- C) Заттар мен құбылыстарды табиғи түрінде көрсету
- D) Пікірлесу
- E) Түсіндіру, дәріс оқу
- F) Тұқым қуалаушылық заңдылықтарын

23. Биология сабағынан қолданылған диафильмдердің алғашқы авторлады:

- A) Е.П.Таршис
- B) А.А.Артемова
- C) В.В.Соколова
- D) Е.Р.Антонова
- E) В.К.Иванова
- F) С.П.Докучаева

24. Пікірлесуді келесі жағдайларда қолданады:

- A) Сабақ соңында білімді бекіту үшін
- B) Биологияны оқытудың қажетті формаларын іздеп табуға көмегін тигізеді
- C) Оқу материалын қайталау үшін
- D) Зертханалық сабақтарда
- E) Биологияны оқытудың қажетті әдістерін іздеп табуға көмегін тигізеді
- F) Жаңа сабақтың басында оқушыларды жаңа мәліметтерді қабылдауға ыңғайлау үшін
- G) Танымжорықта

25. Пікірлесуге қойылатын талаптар:

- А) Сұрақтарды оқылып жатқан материал мазмұнынан шығарып, оқушылар зейінін басты, маңызды кезеңдерді меңгеруге бағыттау керек
- В) Биологияны оқытудың қажетті әдістерін іздеп табуға көмегін тигізеді
- С) Тәжірибелер мен көрнекі құралдар көрсету
- Д) Сұрақтарды нақты және сауатты құру
- Е) Жаңа сабақтың басында оқушыларды жаңа мәліметтерді қабылдауға ыңғайлау үшін
- Ғ) Оқушыларға білімді практикада, өмірде қолдануға және биологиялық есептерді шығаруға үйрететін сұрақтар қарастыру

**Биологияны оқыту әдістемесі**  
**ПӘНІ БОЙЫНША**  
**СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

## Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі

1. Сыныптан тыс шаралардың түрлері:

- A) тәрбие тәсілі
- B) тәрбие әдістері
- C) сабақ
- D) спорттық кіші академиялар
- E) оқу
- F) мектеп

2. Сынып жетекшісінің міндеттері:

- A) ата-аналармен қарым-қатынас, оларға бала тәрбиесінде көмек көрсету
- B) мектепті материалдық, техникалық қамтамасыз ету
- C) мәселелерді шешуде оқушыға көмек көрсету
- D) оқу-тәрбие үдерісінің тиімділігін арттыру
- E) үй тапсырмасын жүйелі орындау
- F) елдегі әлеуметтік жағдайларды зерттеу

3. Эстетикалық тәрбиенің құралдары:

- A) Жаттығу
- B) Сынып сағаты
- C) Әдебиет
- D) Табиғат
- E) Өнер

4. Мектептің тәрбиелік жүйесінің негізгі қызметтері:

- A) реттеуші
- B) қорғаушы
- C) таратушы
- D) дамытушы
- E) кіріктіруші

5. Отбасымен жүргізілетін жұмыс түрлері:

- A) Ата-аналарға кеңесі
- B) Өзін-өзі басқару кеңесі
- C) Ата –аналар комитеті (алқасы)
- D) Құрылтайшылар кеңесі
- E) Қамқоршылар кеңесі

6. Оқушылармен тәрбие жұмысын ұйымдастыру формалары:

- A) Ғылыми
- B) Студенттік
- C) Ұжымдық
- D) Бастауыш
- E) Зерттеушілік
- F) Таптық

7. Топтың қабылданған негізгі түрлері:

- A) Оқытушылар
- B) Сыныптастар
- C) Референттік
- D) Қызметкерлер
- E) Ресми

8. Қиын балалармен жеке жұмыс кезеңдері:

- A) тәрбие әдістері мен түрлерін таңдау
- B) жеке-тұлғаға бағытталған әдістер негіздерін зерттеу
- C) бағдарлама жасау
- D) баламен достық қатынасты тыю
- E) балалармен жұмыс кестесін құру
- F) тәжірибелік ұсыныстар қолдану
- G) озық тәжірибені талдау

9. Оқушылар ұжымының өзіндік белгілері:

- A) Жалпы әлеуметтік маңызы бар ортақ мәселені шешу мүддесінің болуы
- B) Әрекет етуде өзара бірлескен іс-қимылдың болуы
- C) Сынып жетекшісінің үйрете білу әрекетінің болуы
- D) Ортақ сайланған басқару ұйымның болуы
- E) Әртүрлі ұжымдармен байланыста болуы
- F) Әртүрлі ғылыми салаларымен байланыста болуы
- G) Жанұя тәрбиесі туралы ата-аналармен әңгіменің болуы

10. Қиын балаларда жиі кездесетін ерекшеліктер:

- A) өнер, музыкада ерекше шығармашылық қабілеттері көзге түсуі
- B) суицидтік күй, депрессия
- C) көтеріңкі көңіл-күй, ашық мінезді
- D) ғылыми зерттеу жұмысына, өнертапқыштыққа құмар
- E) арнайы спорттық, шығармашылық бейімділіктері жоғары
- F) білімге құмар, ұжымда белсенді



11. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру формалары:

- A) тәрбие тұжырымдамасын жасау
- B) арнайы тұлғаларды қатыстыру
- C) топтық
- D) жеке
- E) оқу бағдарламалары, құралдары аясында
- F) тәрбие мазмұны
- G) педагог, мектеп

12. Қиын балалармен жұмыс жасау әдістемесі келесі кезеңдерді қамтиды :

- A) Қиындықтың түрлеріне қарай мамандармен кеңесуін
- B) Алғашқы кезеңдері және даму сатыларын
- C) Тәрбие нысандарын
- D) Тәрбие бағыттарын
- E) Алынған мәліметтерді өңдеу және қорытындылап ұсыныс жасауын

13. Қиын балалармен жұмыс әдістемесі келесі кезеңдерді қамтиды :

- A) Қиындықтың түрлеріне қарай мамандармен кеңесу
- B) Бастапқы кезең және жұмыс әдістемесі
- C) Тәрбие бағыттары
- D) Тәрбие объектісі, аспектілері
- E) Тәрбие мақсаты, міндеттері

14. Жеке тәрбие жұмысын ұйымдастыру формалары:

- A) ұсынылған кітаптарды оқу
- B) сынып сағаты, кештер, сайыстар
- C) мектепшілік жұмыстарды ұйымдастыру
- D) хабарлама даярлау
- E) сценарий мен жоспарлар жазу
- F) өнер көрсетуге даярлау
- G) тәрбие жоспарын талдау

15. Еңбек нәтижесін құрметтеуге, бағалауға тәрбиелеу мақсатында айтылған ырымдар мен тыйым сөздер:

- A) екі тізенді құшақтама
- B) үлкеннің алдын кесіп өтпе
- C) нанның үгіндісін аяққа баспа
- D) нанды лақтырма
- E) қайта ашатын есігіңді қатты жаппа
- F) басыңды шайқама
- G) ағын суды ластама

16. Ата-аналар жиналысын өткізуде тиімділігі зор жұмыстар:

- A) Ата-аналардан бала тәрбиесі туралы кеңестер алу
- B) әріптестер мен басшыларды тұрақты қатыстыру
- C) «Баланың кітап оқу мәдениетін жетілдіру» тақырыбында сұхбаттасу
- D) Балалардың жетістіктерін мадақтау
- E) Ата-аналардың бала тәрбиесі туралы білімдерін тексеру
- F) Оқушыларды әрдайым тұрақты қатыстыру

17. Тәрбие жоспарын жасауда қойылатын талаптар:

- A) жоспардың қоғам талабына, мақсатына сәйкестігі
- B) сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының педагогтің жеке бас ерекшеліктеріне сәйкестігі
- C) оқылатын пәндерді көрнекілікпен қамту, әдістемесін түрлендіру
- D) күнделікті өз мерзімінде жасалуы
- E) өмірмен тығыз байланыстылығы
- F) көлемі екі баспа табақтан аспауы
- G) мектептен тыс тәрбие мекемелерімен өзара бірлескен іс-шаралардың күнделікті өтуі

18. Отбасымен жүргізілетін жұмыстар:

- A) педагогикалық ағарту жұмыстары
- B) отбасындағы баланың қарым-қатынасын зерттеу
- C) ұжымның маңызды шешім қабылдауына мүмкіндік жасау
- D) баланы салауатты өмір сүруге тәрбиелеу
- E) құрылтайшылар кеңесі
- F) қамқоршылар кеңесі

19. Іс әрекет ұйымдастыру және қоғамдық тәрбиеге үйрету әдістері:

- A) жаттығу
- B) өзін-өзі басқару орталығы
- C) пікірталас
- D) мектептегі әдістемелік кеңес
- E) қоғамдық талап
- F) тәрбиелік жағдаяттар

20. Тәрбиенің тиімділігі тәуелді:

- A) тәрбие үдерісінің әдістемесіне
- B) қаржы көздеріне
- C) педагогтің талдау, бағалау қабілетіне
- D) оқушының еңбекқорлығына
- E) тұқымқуалаушылыққа
- F) мектеп Жарғысының мазмұнына

21. Мінез-құлықты тәрбиелеу әдістері:

- A) жарыс
- B) мадақтау
- C) тәрбиелік жағдаяттарды өзгерту
- D) марапаттау
- E) мектептегі әдістемелік кеңеске қатысу
- F) этикалық әңгіме талдату
- G) өзін-өзі басқару ұйымына мүше сайлау

22. Отбасы тәрбиесі, экологиялық тәрбие, еңбек тәрбиесі, имандылық (конфессионалдық) тәрбиесі кіреді:

- A) Оқу-тәрбие жұмыстарының бағыттарына
- B) Тәрбие бағыттарына
- C) Қарым-қатынас стиліне
- D) Мазмұнына
- E) Үнталандыруына

23. Тәрбие үдерісінде тәрбиенің сапасына ықпал жасайтын басымдылықтар:

- A) Жаңа сапалардың бағыттылығын анықтау
- B) Сыртқы қарама-қарсылықты жою
- C) Мектеп пен жанұядағы байланысты дамыту
- D) Тәрбие үдерісінің өту жағдайларындағы кедергілер
- E) Тәрбиемен ұштастыра дамытудағы және оқыту үдерістерінің басымдылығын, тәрбиелік ықпалдың сапасы және педагогикалық әсер ету үйлесімділігі
- F) Тәрбиенің негізгі міндеттері мен мақсаттарын қамтитын үдерісті жоспарлау
- G) Қалыптасқан тәрбиелік қатынастар, әрекеттерді ұйымдастыру мен оған қойылған мақсаттардың бір-біріне үйлесуі
- H) Объективті және субъективті факторлар әрекетінің байланысы, педагогикалық өзара әрекеттегі тәрбие үдерісіне қатысушылардың белсенділігі

24. Іс-әрекет ұйымдастыру және қоғамдық тәрбиеге үйрету әдістері:

- A) Дәріс, семинар
- B) Педагогикалық талап
- C) Қоғамдық талап
- D) Пікірталас
- E) Сендіру, этикалық әңгіме
- F) Жаттығу

25. Мінез- құлықты тәрбиелеу әдістері:

- A) Жазалау
- B) Сендіру, этикалық әңгіме
- C) Мадақтау
- D) Өзін-өзі басқару орталығы
- E) Пікірталас
- F) Жарыс
- G) Тәрбиелік жағдаяттар

**Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі**  
**ПӘНІ БОЙЫНША**  
**СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

**Биологияға кіріспе**

1. Голландия ғалымы Антон ван Левенгук (дөңес әйнектерді өңдеу арқылы) микроскоптан көрді:

- A) өсімдік қабығының жұқа кесіндісінен ұсақ ұяшықтарды
- B) бактериялардың қозғалысын
- C) көпжасушалы ағзаларды
- D) ер адамның жыныс сұйықтығындағы жасушаларды
- E) біржасушалы ағзаларды

2. Сүйек ұлпасының жасушалары:

- A) Перицит
- B) Эмбриобласт
- C) Моноцит
- D) Остеокласт
- E) Лимфоцит
- F) Остеоцит
- G) Стереобласт
- H) Остеобласт

3. Хромосомалардың химиялық құрамы тұрады:

- A) Гистон ақуызынан
- B) Прокарионнан
- C) РНҚ-дан
- D) Нуклеотидтерден
- E) Ақуыздардан
- F) Центромерадан
- G) Рибосомадан
- H) ДНҚ-дан

4. Аденозинтрифосфор (АТФ) молекуласы тұрады:

- A) Гистон ақуызынан
- A) Гексоза қантынан
- B) Пуриндік негіздерден
- C) Электрондардан
- D) Азотты негізден (аденин)
- E) Органикалық заттардан
- F) Үш фосфор қышқылы қалдығынан
- G) Көмірсудан (рибоза)

5. Зат алмасу кезеңдері:

- A) Жасушадағы арнаулы қызмет
- B) Биосинтез
- C) Фотосинтез
- D) Биополимерлер
- E) Ас қорыту
- F) Бөліп шығару
- G) Метаболиттік жолдар
- H) Аралық алмасу

6. Биосфераның негізгі қабаттарына ... жатады

- A) Гидросфера
- B) Стратосфера
- C) Литосфера
- D) Тропосфера
- E) Атмосфера

7. Гидросфера қабаттары болып табылады:

- A) Теңіз сулары
- B) Бактериялар
- C) Әлемдік мұхиттар
- D) Жер асты сулары
- E) Сутегі атомдары
- F) Озон қабаты
- G) Шөгінді жыныстар
- H) Магмалық жыныстар

8. В.И.Вернадский бойынша биосфера құрылымы:

- A) Химиялық зат
- B) Органикалық
- C) Биологиялық зат
- D) Өлі зат
- E) Аэрозольдар
- F) Тірі зат
- G) Геологиялық зат
- H) Биогенді зат

9. Өсімдіктердің фотопериодизм құбылысына қарай бөлінетін топтар:

- A) гидатофиттер
- B) қысқа күнді өсімдіктер
- C) жасушасыздар
- D) гидрофиттер, ксерофиттер
- E) гигрофиттер, мезофиттер
- F) бентостар

10. Прокариоттардың плазмалық мембранасының атқаратын қызметі:

- A) соңғы өнімдерді сақтау жүйесі
- B) ақуыз биополимерлерінің жасуша ішіндегі тасымалдаушы және синтездік жүйесі
- C) барьерлік-рецепторлық-тасымалдаушы жасуша жүйесі
- D) аралық өнімдерді сақтау жүйесі
- E) генетикалық ақпаратты сақтау және тарату жүйесі
- F) жеке бактерия жасушаларының арасындағы гендік ақпараттардың алмасуын қамтамасыз ету

11. Телофазада

- A) ахроматин жіпшелеріне бекінген хроматидтер бір-бірінен ажырайды
- B) хромосомалар екі жас жасушаға тең бөлінеді
- C) хромосомалардың ширатылуы күшті жүреді
- D) екі центриоль жасуша орталығы жасушаның полюстеріне қарай ажырайды
- E) полюстерден бірдей орналасқан қысқарған хромосомалардың жасуша экваторына қарай бағытталады
- F) аналық жасуша екі жас ұрпақ жасушаларына бөлінеді
- G) ядрошық түзіледі, бөліну ұршығы бұзылады

12. Эмбриология- бұл

- A) онтогенез ұрық болып түзілуі
- B) екі қабат ұрық жапырақшалары
- C) тіршілігінің соңына дейінгі барлық өзгерістердің жиынтығы
- D) қос қабат ұрық
- E) организмнің жеке дара дамуы
- F) эктодерма

13. ДНК құрылымы:

- A) жасушаның айқас бөлінуі
- B) жыныс жасушаларының пайда болмауы
- C) гуанин, цитозин, азотты негіз
- D) қант фосфатты негіз
- E) гомологиялық хромосоманың бір-бірімен тығыз жанасуы
- F) гомологтық хромосомалардың бөліну кезінде айқасуы

14. Бор дәуірінде пайда болады:

- A) нағыз құстар
- B) шеміршекті балықтар
- C) жабық тұқымды өсімдіктер
- D) сүйекті балықтар
- E) ашық тұқымды өсімдіктер
- F) Ірі бауырымен жорғалаушылар
- G) аммониттер, белемниттер

15. Биологиялық эволюцияның биологиялық прогреске әкелетін негізгі бағыттары:

- A) эмбриондық бейімділік
- B) фотосинтез
- C) ценогенез
- D) дегенерация (Катагенез)
- E) идиоадаптация (Аллогенез)
- F) биологиялық
- G) ароморфоз (Арогенез)

16. Эволюцияны қозғау күшінің факторлары болып саналады:

- A) биотикалық факторлар
- B) модификациялық өзгергіштік
- C) мутациялық процесс
- D) конвергенция
- E) популяциялық толқын
- F) табиғи іріктеу

17. Қолдан сұрыптау кезінде:

- A) жаңа түрлер алынады
- B) органикалық дүниенің барлық тарихи дамуы жүреді
- C) тұқым қуалау процесі жүреді
- D) өсімдіктер мен жануарлардың жаңа сорттарын алады
- E) адамның қатысуынсыз жүреді

18. Атавизмнің адамда аталуы:

- A) бала жастан шаштың ағаруы
- B) соқыр ішек өскіні
- C) қосымша емшектің болуы
- D) денені қалың түк басуы
- E) альбиностың кездесуі



19. Адамның тұқым қуалаушылығын зерттеуде қолданатын әдістер:
- A) генетикалық
  - B) популяциялық
  - C) жыныстық
  - D) генеалогиялық, онтогенетикалық
  - E) цитогенетикалық, биохимиялық
  - F) егіздік, популяциялық
20. Прокариоттар:
- A) жасушасы үлкен болады.
  - B) бактерияларға жатады
  - C) мембраналы оргоноидтар бар
  - D) қалыптасқан ядролары болмайды
  - E) қабықшамен шектелген ядросы болады
  - F) саңырауқұлақтар, өсімдіктер және жануарларға жатады
  - G) қарапайымдыларға жатады
21. Мономерлер:
- A) Бір-бірімен байланысып полимер түзеді
  - B) Ірі молекулалы қосылыстар
  - C) Радикалдарен байланысады
  - D) Ірі молекулалы заттардың суббірлігі
  - E) Макромолекулаларды түзетін органикалық молекулалар
  - F) Полимерлерге ыдырайды
22. Ядро органоид:
- A) жасушадағы негізгі органоид
  - B) түрін сақтайтын
  - C) ұзындығы 10мкм құрайтын
  - D) жасушаның тыныс алу процесін қамтамасыз ететін
  - E) ағзаның өсуіне қатысатын
  - F) аденозин үш фосфор қышқылы бар
23. Тірі ағзаларда жарықтың қатысуымен жүретін процестер:
- A) Транскрипция
  - B) Фотопериодизм
  - C) Фототропизм
  - D) Ұрықтану
  - E) Тозаңдану
  - F) Фотосинтез
  - G) Температураға тәуелділік
  - H) Гаметогенез

24. Популяция динамикасының негізгі белгілері:

- A) тығыздығы
- B) гомеостаз
- C) реттелуі
- D) сандық мөлшері
- E) жіктелуі
- F) өсімі
- G) генетикасы
- H) қарым -қатынасы

25. Жануар мен өсімдік жасушасының айырмашылықтары:

- A) Тек жануарларда нағыз вакуоль болады
- B) Өсімдіктерде пластидтер болады
- C) Өсімдік жасушасы тек аэробты
- D) Жануарларда хлоропласт болады
- E) Өсімдіктердің гендік ақпараты – сақина пішінді ДНҚ
- F) Жануар жасушасының қабығы целлюлозадан тұрады
- G) Өсімдік жасушасының қабығы целлюлозадан тұрады
- H) Жануар жасушасындағы центриоль өсімдіктерде болмайды

**Биологияға кіріспе  
ПӘНІ БОЙЫНША  
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**